

**«БЕКІТІЛДІ»**  
**«АСЫЛ-ИНВЕСТ» АҚ**  
**Директорлар кеңесі**  
**2017 жылғы 08 тамыздағы**  
**хаттама**

**«КЕЛІСІЛДІ»**  
**Қазақстан Республикасының**  
**Ұлттық банкі**  
**2017 жылғы «\_\_\_\_\_»\_\_\_\_\_**

**«ОРКЕН» ИНТЕРВАЛДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПАЙ ҚОРЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ № 1**  
**ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

**Алматы қ-сы, 2017 жыл**

2017 жылғы 16 маусымдағы №04-17 хаттамамен Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен бекітілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен 2017 жылғы 22 маусымда келісілген «ОРКЕН» интервалды инвестициялық пай қорының ережесіне (бұдан әрі – Ереже) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Ереженің 2-тармағы мынадай редакцияда баяндалсын:  
**«2. Қордың басқарушы компаниясының толық атауы және орналасқан жері**  
Толық атауы: «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Басқарушы компания);  
Орналасқан жері: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 17, «Нұрлы Тау» көпфункционалды орталығы, 4Б блогы, 17-қабат, № 4;  
2014 жылғы 3 шілдеде бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген № 4.2.111/218 лицензия, мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқық береді:  
ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару қызметі;  
номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызмет».
2. Ережеге № 1-қосымшада «Осы шарт 2014 жылғы 3 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берген ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға берген № 4.2.111/218 лицензияға сәйкес әрекет етуші, бұдан әрі «Басқарушы компания» деп аталатын «АСЫЛ-ИНВЕСТ» акционерлік қоғамы (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 18.07.2006 жылғы № 79191-1910-АО куәлік), Басқарма Төрағасының тұлғасында \_\_\_\_\_, Жарғының негізінде әрекет ететін, арасында жасалған» деген сөздер «Осы шарт 2014 жылғы 03 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берген ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға берген № 4.2.111/218 лицензияға сәйкес әрекет етуші, бұдан әрі «Басқарушы компания» деп аталатын, Басқарма Төрағасының тұлғасында \_\_\_\_\_, Жарғының негізінде әрекет ететін «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының арасында жасалған» деген сөздермен алмастырылсын.
3. Ереженің 4-тармағы мынадай редакцияда баяндалсын:  
**«Қордың Басқарушы компаниясына аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның толық атауы, лицензияларының деректемелері және аудиторлық ұйымның орналасқан жері:**  
  
«Deloitte» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, 050059, Әл-Фараби даңғылы, 36, Алматы Қаржы орталығы, «Би» ғимараты;  
  
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген № 0000015 аудиторлық қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензиясы, сериясы МФЮ-2. жарамдылық мерзімі: шектеусіз»
4. Ереженің бүкіл мәтінінде «<http://www.asyl.kz>» деген сөздер “<http://almaty-ffin.kz>” деген сөздермен алмастырылсын.
5. «ОРКЕН» интервалды инвестициялық пай қорының Ережесіне №1 осы өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Ережеде көзделген тәртіппен және мерзімдерде күшіне енеді.

**«ОРКЕН» ИИПҚ Басқарушы компаниясынан:**

**«АСЫЛ-ИНВЕСТ» АҚ  
Басқарма Төрағасы**

**Гришин С.В.**